Світиться індикатор недостатньої кількості води (14)	<ul style="list-style-type: none"><li>• У резервуарі недостатньо води.</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Наповніть резервуар для води до відмітки MAX. Натисніть та утримуйте кнопку подачі пари до початку подачі пари. Це може зайняти до 30 секунд.</li></ul>



### **Увага!**

*Щоб уникнути ризику виникнення пожежі, ураження електричним струмом або отримання травм під час використання вашого приладу, а також його поломки, суворо дотримуйтесь запобіжних заходів під час роботи з цим приладом, а також основних заходів безпеки під час роботи з електричною побутовою технікою.*

## 11. ТЕХНІЧНІ ХАРАКТЕРИСТИКИ

### **POLARIS PSS 7530K**

Напруга: 220 – 240 В

Частота: ~50 Гц

Потужність: 2400Вт

***Примітка:** Внаслідок постійного процесу внесення змін та вдосконалень між інструкцією та виробом можуть спостерігатися певні розбіжності. Виробник сподівається, що користувач зверне на це увагу.*

## 12. ІНФОРМАЦІЯ ПРО СЕРТИФІКАЦІЮ

Прилад сертифікований на відповідність нормативним документам РФ.



**Розрахунковий строк служби виробу:** 3 роки

**Гарантійний строк:** 1 рік від дня покупки

**Дата виготовлення вказана на виробі.**

Конструкція приладу відповідає вимогам ТР ТС 004/2011 «Про безпеку низьковольтного обладнання», а також ТР ТС 020/2011 «Електромагнітна сумісність технічних засобів».

### 13. ГАРАНТІЙНЕ ЗОБОВ'ЯЗАННЯ

**Виріб:** Парова станція електрична

**Модель:** PSS 7530K

Ця гарантія надається виробником на додаток до прав споживача, встановлених чинним законодавством Російської Федерації, і жодною мірою не обмежує їх.

Ця гарантія діє впродовж 12 місяців від дати придбання виробу та передбачає гарантійне обслуговування виробу у разі виявлення дефектів, пов'язаних з матеріалами та роботою. У цьому випадку споживач має право також на безкоштовний ремонт виробу.

Ця гарантія діє у разі дотримання таких умов:

1. Гарантійне зобов'язання розповсюджується на усі моделі, які випускаються компанією POLARIS CORPORATION LIMITED, у країнах, де надається гарантійне обслуговування (незалежно від місця покупки).
2. Виріб купується виключно для особистих побутових потреб. Виріб повинен використовуватися відповідно до інструкції з експлуатації та з дотриманням правил та вимог безпеки.
3. Обов'язки виробника відповідно до цієї гарантії виконують продавці – уповноважені дилери виробника та офіційні центри з обслуговування (сервіс-центри). Ця гарантія не розповсюджується на вироби, придбані у не уповноважених виробником продавців, котрі самостійно несуть відповідальність перед споживачем згідно з російським законодавством.
4. Ця гарантія не розповсюджується на дефекти та зовнішні зміни приладу, що виникли у результаті:
  - Хімічного, механічного та іншого впливу, попадання сторонніх предметів, рідин, комах та продуктів їх життєдіяльності всередину виробу;
  - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням вимог Інструкції з експлуатації та правил техніки безпеки;
  - Відкладання вапняного осаду, водяного каменю та накипу внаслідок використання води з високим вмістом мінеральних речовин.
  - Нормальної експлуатації, а також природного зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
  - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
  - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами\*.
5. Ця гарантія діє за умови пред'явлення оригіналу цього гарантійного талона, оригіналу товарного чека, виданого продавцем, та виробу, у якому виявлено дефекти.

6. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

З усіх питань гарантійного обслуговування виробів POLARIS звертайтеся до вашого місцевого офіційного продавця POLARIS.

**У разі виявлення несправностей обладнання необхідно негайно зв'язатися із сервісним центром.**

*\*Адреси авторизованих центрів обслуговування на сайті Компанії: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)*





POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.



## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы мәлімет.....	44
2. Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар.....	44
3. Бумен жібітіп үтіктейтін құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар.....	46
4. Құрылғының пайдалану саласы.....	48
5. Құрылғының сипаттамасы.....	48
6. Құрылғының жиынтықтылығы.....	49
7. Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалану үшін дайындау.....	49
8. Жұмыс тәртібі.....	51
9. Құрылғыны тазарту және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар.....	54
10. Егер сізде қандай да бір қыйындық туындаса.....	57
11. Құрылғының техникалық сипаттамалары.....	58
12. Сертификаттау жөніндегі ақпарат.....	58
13. Кепілдік міндеттеме.....	59

## 1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, үлгісі PSS 7530K POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын, киім үтіктеуге арналған тұрмыстық электрлік бумен жібітіп үтіктейтін құрылғы (бұдан әрі мәтін бойынша – бумен жібітіп үтіктейтін электрлік құрылғы, бумен жібітіп үтіктейтін электрлік бу станциясы, электрлік бу генераторы, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелерімен танысуға арналған.

## 2. ОБЩИЕ УКАЗАНИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ

- Бұл киім үтіктеуге арналған тұрмыстық электрлік бумен жібітіп үтіктейтін құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлік қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұл киім үтіктеуге арналған бумен жібітіп үтіктейтін электрлік бу генераторы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Бұл электрлік бумен жібітіп үтіктейтін құрылғыны коммерциялық аумақта жоғары жұмыс қарқындылығында ұзақ уақыт бойы пайдалану, құрылғының шамадан тыс жүктелуіне алып келуі мүмкін, сонымен бірге бұл құрылғыны шамадан артық ауыр жүктемеде қолданылуы, оның жұмыс істеу мерзімін азайтып, істен шығуына немесе зақымдалуына әкеледі, сондай-ақ, пайдаланушының өміріне төнетін қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін немесе оның айнала-сындағы адамдардың денсаулығына нұқсан келтіруіне әкеп соғуы мүмкін.
- Бұл бумен жібітіп үтіктейтін электрлік бу генераторы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Егер Сіз құрылғының жұмыс жасау мүмкіндігіне және оның жұмыс қабілеттілігі жөнінде күмән келтірсеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Әр жолы құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Құрылғының және оның электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны ешбір жағдайда электр желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Бумен жібітіп үтіктейтін электрлік бу генераторы еденге не жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Құрылғы еденге не жерге құлап кетсе, оны қолданар алдында, білікті маман тексеріп шығуы керек.
- Аталған құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, кембағал, сезім мүксістігі бар немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану үшін білімі мен тәжірибесі жоқ не оны қолдана білмейтін немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.

- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.



### **Назар аударыңыздар!**



*Бұл бұмен жібітіп үтіктейтін электрлік құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды. Құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз. Сонымен, бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.*

- Бұл электрлік құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Құрылғы және оның электрлік желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек (құрылғыны суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды). Ылғал қолмен құрылғыны ұстауға болмайды. Құрылғы дымқылданса, оны бірден электр желіден ажыратып алу қажет.
- Бұмен жібітіп үтіктейтін электрлік құрылғыны тек ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін электр желіге жалғастырып қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Бұмен жібітіп үтіктейтін электрлік құрылғыны тек қана жерге тұйықталған желіге ғана қосуға қажет. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш немесе жалғастырғыш құрылғыны және ұшжақты жалғаулық секілді ұшайыр біріктіргіш құрылғыларын пайдаланбаңыз. Электр ұзартқышты қолданғанда, оның жерге тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген ақау бола тұра құралды іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін, сонымен қатар, құрылғыны тазартпас бұрын немесе құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, сондай-ақ, құрылғының бөліктері мен бөлшектерін орнатпас бұрын немесе оларды бөлшектеу қажет болған жағдайда, құрылғыны әрдайым сөндіріп, оның желілік баусымның айыртетігін электр желіден ажырату қажет.
- Электр желінің шамадан тыс жүктелуіп қалуына жол бермеңіз, әйтпесе оқыс жағдай орын алуы мүмкін немесе құрылғы зақымдалып, істен шығуы мүмкін. Бұл сәтсіз оқиғаларға жол бермес үшін жалғастырғыш не ұзартқыш құралдың көмегімен құрылғыны өзге тұрмыстық электр құралдармен бірге бір электрлік ашалы розеткаға бір мезетте қоспаңыз. Желілік ұзартқышты пайдаланудың алдында, оның зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.

- Құрылғыны оның электрмен қоректендіретін электрлік желілік баусымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, құрылғыны оның электрмен қоректендіретін электрлік желілік баусымнан ұста, тартқылап, электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Құрылғының электр желілік баусымын электрлік қоректену желісінен ажыратқан кезде, тек қана оның электр желілік баусымның штепсельдік айырететігінен ұстаңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айырететігін электр желіге жалғастырып қосқан кезде немесе оны электр желіден ажырату барысында, электрлік тоқ соққысынан сақтану үшін, оның электр желілік баусымдағы штепсельді айырететігінің металл бөліктеріне қолыңызды тигізбеңіз.
- Әр жолы құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін, оның электрлік қоректендіргіш баусымын құрылғыға айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда құрылғының электрлік қоректендіргіш баусымын дұрыс сақтау үшін оны жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғының электрмен қоректендіретін электрлік желілік баусымын тек қана техникалық білікті мамандары – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін бұл электрлік құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу жұмыстарын тек техникалық білікті мамандары ғана, яғни қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері ғана жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.



#### ***Назар аударыңыздар!***

*Құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін, бұл электрлік құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өндеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.*

### **3. БУМЕН ЖІБІТІП ҮТІКТЕЙТІН ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС АТҚАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР**

- Үтіктің ыстық табанын алақаныңызбен ұстамаңыз. Құрылғының тұтқасын және оның батырмалары мен тетіктерін қолданыңыз.
- Үй еденге не жерге түсіп құлап кетсе, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде немесе құрылғыдағы тұмшаланғандығының бұзылуы байқалса, құрылғыны қолданбаңыз.
- Үтіктеу барысында және үтіктеу арасында тым қысқа уақытқа үзіліс жасайтын болсаңыз да үтікті әрдайым құрылғыдағы таяныш түпқоймасына орнатып қойыңыз.

- Электр желіге қосылып тұрған бұмен жібітіп үтіктейтін электрлік құрылғыны, яғни үтікті қадағалаусыз қалдыруға болмайды. Үтіктеп жатқан бөлмеден шығар алдында бұмен жібітетін үтіктегіш құрылғыны жалғасып тұрған электр желісінен ажыратыңыз, Сіз бөлмеден тым қысқа уақытқа шығатын болсаңыз да, бұл ережені жоққа шығаруға болмайды, қашанда бөлмеден шығар кезде үтікті электр ток көзінен ажыратыңыз.
- Ешқашан да үтікті үтіктейтін тақтайдың үстінде қалдырмаңыз. Үтіктеу барысында және үтіктеу арасында тым қысқа уақытқа үзіліс жасайтын болсаңыз да үтікті әрдайым құрылғыдағы таяныш түпқоймасына орнатып қойыңыз.
- Балаларды үтіктен алшақ ұстаңыз, әсіресе, буды шығару функциясын қолданған кезде. Жұмыс барысында бұмен жібітіп үтіктейтін электрлік бу генераторы қатты қызады және үтіктің табанын ұстау немесе үтіктен шығатын ыстық будың теріге тиюі теріні қатты күйдіруі мүмкін.
- Үтіктен шығатын ыстық бу өте қауіпті. Құрылғыдан шығатын будың ағынын адамдарға, жануарларға бағыттауға тыйым салынады.
- Адамның үстіндегі киімді бұмен жібітіп үтіктеуге тыйым салынады және адамның үстінде киімдегі қыртысын жазуға болмайды.
- Бұмен жібітіп үтіктейтін электрлік құрылғыны жұмыс істеп тұрған пештің, газ немесе электрлік плитаның қасында немесе басқа да жылу шығаратын көздерінің немесе жұмыс істеп тұрған электрқыздырғыш аспаптардың және электр құрылғылардың жанында пайдаланбаңыз.
- Желілік баусымның және бу жіберуге арналған жалғастырғыш құбыршегінің қандай да бір ыстық заттарға немесе үтіктің табанына тиюіне жол бермеңіз.
- Әр жолы құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін, сонымен қатар, құрылғыны сақтауға алып қоймас бұрын, немесе құрылғыны және оның суға арналған резервуарын тазартпас бұрын құрылғының іске қосу/сөндіру батырмасын басып, оның желілік баусымның айыртетігін электр желісінен ажырату қажет.
- Құрылғының суға арналған резервуарына сірке қышқылын немесе қақ тазартуға арналған арнайы заттарды құюға болмайды.
- Үтіктің табанын өткір металл беттерге тигізбеңіз және үтік табанының өзге де өткір заттармен жанасуына жол бермеңіз, бұл үтік табанындағы сызаттарды болдырмауға және оның қызмет етуіне жарамдылық мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.



### **Назар аударыңыз!**

*Жоғары температура мен қысымның салдарынан жарақат қауіпін болдырмау үшін, қызып тұрған немесе жұмыс істеп тұрған бу генератордан оның ағызғыш тығынын 18 бұрап алуға қатан тыйым салынады! Бу генератордың суға арналған сыйымдылығынан қалған суды төгудің алдында, құрылғы суығанша 2 сағат бойы күте тұрыңыз.*



### **Назар аударыңыздар!**


*Құрылғыны қаптама қорабына салмас бұрын, оны тігінен қойып, ол толық суығанша күте тұрыңыз.*

#### 4. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Бұл киім үтіктеуге арналған бумен жібітіп үтіктейтін электрлік бу генераторы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс.
- Құрылғыны өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады, сондай-ақ, бұл электрлік құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз.
- Өндіруші осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

#### 5. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Бұл тұрмыстық электрлік бу генераторы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, тұрмыстық ортада және соған ұқсас үй жағдайларда ғана, бөлменің қалыпты болып саналатын температурасы мен ылғалдылығында, түрлі киім-кешек пен төсек-орын жаймаларын булап жібіту үшін сонымен қатар, бумен жібітіп үтіктеу үшін пайдаланылады.





1. Құрылғының электр желілік баусымын сақтауға арналған бөлігі
2. Бу генератордың суға арналған сыйымдылығы (бағы)
3. Су құюға арналған бөлігі
4. Үтікті бұғаттау / бұғаттан босату батырмасы
5. Үтікті қоюға арналған тұғырық (базасы)
6. Іске қосу/қыздыру индикаторы
7. Қуат көзін (қоректі) ажыратып қосатын батырмасы
8. Бу жіберудің режимін таңдау батырмасы
9. Құрылғының автоматты түрде сөніп қалуын болдырмау «RESET» батырмасы
10. Буды жіберу үшін арналған батырмасы
11. Электр желілік баусымы мен штепсельдік айыртетігі
12. Суды жіберіп жеткізуге арналған құбыршегі
13. Тазалаудың қажеттілігін көрсететін индикаторы
14. Судың мөлшері жеткіліксіз екенін көрсететін индикаторы
15. Буды қарқынды түрде жіберу функциясының индикаторы
16. Бу генераторды автоматты түрде өшіру индикаторы
17. ECO режимнің индекаторы
18. Ағызғыш тығыны
19. Суға арналған сыйымдылығын бекітуге арналған батырмасы
20. ECO режимнің батырмасы

## **6. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ**




1. Бу станциясы құрастырылып жиналған – 1 дана.
2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана.
3. Қызмет көрсету орталықтарының тізімі – 1 дана.
4. Кепілдік талоны – 1 дана.
5. Құрылғының орамасы (полиэтилен пакеті + қаптама қорабы) – 1 дана.

## **7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСПАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ДАЙЫНДАУ**

1. Құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап алып шығарыңыз.
2. Бу генератордың сыртқы жұмыс бетінен барлық жапсырмаларды алып тастаңыз және оның жұмыстық қабатынан, яғни оның үтік табанынан полиэтиленді қорғаныс үлдірін шешіп алыңыз.
3. Құрылғыны әр қолданар алдында оның суға арналған резервуарын суық сумен толтырыңыз, сондай-ақ, құрылғының суға арналған резервуарында судың деңгейі, оның минималды мөлшерінен, яғни ең төменгі белгісі бар меже сызығынан төмен түсіп кеткен жағдайда, оны сумен толтырыңыз.

Құрылғыны пайдалану барысында, оның суға арналған резервуарын кез келген уақытта сумен толтыруға болады.

4. Құрылғының суға арналған резервуарын таяныш түпқоймасынан ажыратып алыңыз.
5. Құрылғының суға арналған резервуарын МАХ белгісі бар меже сызығына дейін таза сумен толтырыңыз.
6. Құрылғының суға арналған резервуарын таяныш түпқоймасына қайта орнатып қойыңыз.



50

7. Суға арналған резервуарын сәл ғана басыңыз (сол сәтте шертпек секілді, сарт еткен дыбыс естіледі).
8. Бу генераторды жасау барысында, оның саңылауларына түсіп кетуі мүмкін шаң-тозаң матаны бүлдірмес үшін, бу генератордың жұмыстық қабатын, яғни үтіктің жұмыстық қабатындағы бу жіберілетін саңылауларын тазартыңыз.
9. Үтіктеуді бастамас бұрын, бу генератордың жұмыстық қабатын, яғни оның үтік табанын сәл ғана дымқыл, жұмсақ шүберекпен сүртіп шығыңыз.
10. Бу станция ретіндегі генераторды алғаш рет пайдаланар алдында, оның жұмыстық қабаты (үтік табаны) жеткілікті түрде таза екендігіне көз жеткізу үшін, алдымен керексіз шүберекті үтіктеңіз.



**Назар аударыңыздар!**

Бу генераторының кейбір бөлшектерін оларды өндіру барысында маймен жағып майлайды, сондықтан құрылғыны алғашқы рет қосу барысында үтіктен аздап түтін шығуы мүмкін, бұл тез аяқталатын қалыпты құбылыс және мұндай әсердің болуы құралдың қалыпты жұмыс істеуі болып саналады да, оның ақаулы екендігін және істен шыққандығын білдірмейді. Құрылғыны біраз уақыт пайдаланғаннан кейін түтін шықпайтын болады.



**Назар аударыңыздар!**

Жаңа үтіктің суға арналған резервуарында аз ғана мөлшерде су болуы мүмкін. Бұл өндіруші үтіккі қосымша тексергендігін көрсетеді.

## 8. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

1. Бу генераторды негізі берік әрі тегіс, қатты, орнықты қабатқа орналастырып қойыңыз.
2. Құрылғының суға арналған сыйымдылығында су мөлшерін үнемі тексеріп отырыңыз, оның ішінде жеткілікті мөлшерде су бар екеніне көз жеткізіңіз.
3. Құрылғыны іске қосу үшін оның электр желілік баусымның айыртетігін қорғаныстық жерге тұйықтау (сымы) түйіспесі бар ашалы розеткаға не жерге тұйықталған электр желісіне жалғастырып қосыңыз, содан кейін оның қуат көзін (қоректі) ажыратып қосатын батырмасын басыңыз. Құрылғыдағы іске қосу индикаторы (6) жанып, жыпылықтай бастайды, қуат көзін қосып ажырататын индикаторының жыпылықтауы бұл құрылғының іске қосылғанын және оның бу станциясында қызу үдерісі басталғанын көрсетеді. Құрылғыда 15 индикаторы жанады және бұл индикаторы тұрақты түрде жанған кезде, бу генераторды пайдалануға болады екенін білдіреді.
4. Үтікті оның базасынан алу үшін, үтікті бұғаттан босату (4) батырмасын басыңыз.
5. Құрылғыдағы температура реттеуіш тетігін (8) бұрау арқылы, Сіздің киіміңіздегі затбелгіде көрсетілген нұсқауларына сәйкес, үтіктеудің қажетті температуралық режимін таңдаңыз. Сонымен қатар, бұл ретте құрылғыда қыздыру индикаторы (6) жанады, құрылғыдағы үтіктің табаны үтіктеудің таңдалған температуралық режиміне сәйкес келетін температураға дейін қыза бастайды. Үтіктің табаны әбден қызған соң, құрылғыдағы қыздыру индикаторы сөнеді, сол сәттен үтіктеуді бастай беруіңізге болады.







### **Назар аударыңыз!**

*Қауіпсіздік мақсатында, үтіктеу барысында, құрылғының базасын тұрақты үтіктеу тақтасына орналастыруға кеңес беріледі.*

### **Құрылғыдағы құрғақ (бусыз) үтіктеу режимін қолданыңыз**

- Бу генераторы қалыпты үтік сияқты құрғақ (бусыз) үтіктеу режимінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Үтіктеудің бұл әдісі синтетикалық және жүн маталардан немесе аралас маталардан жасалған киім-кешектері мен бұйымдарды (яғни бұйымның құрамы бірнеше мата түрінен құралса) үтіктеу барысында төмен температураны таңдаңыз. Әртүрлі маталардың түріне сәйкес қажетті үтіктеу температурасын таңдаңыз (кестеде көрсетілген, қараңыз).
- Құрылғыдағы қыздыру индикаторы (6) сөнген кезде, бұл үтіктің таңдалған температураға дейін жетіп, қызып тұрғанын, сондай-ақ, үтікті құрғақ (бусыз) үтіктеу режимінде пайдалануға болады екенін білдіреді.
- Киім-кешек пен өзге де бұйымдарды үтіктеп болған соң, құрылғының қуат өткізетін желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электр желіден ажыратыңыз.

Киімдегі затбелгісінде үтіктеу бойынша берілген нұсқаулар	Матаның түрі
	Синтетикалық маталардан жасалған бұйымдар
	Жібек және жүн маталардан жасалған бұйымдар
	Мақта және зығыр маталардан жасалған бұйымдар
	Бұйымды үтіктеуге болмайды

### Құрылғыдағы бу генераторы режимін қолданыңыз

- Құрылғыдағы буды қарқынды түрде жіберу функциясының индикаторының (15) жыпылықтауы тоқталған соң, бұл бу станцияны пайдалануға болады екенін білдіреді.
- Үтіктеу барысында тұрақты түрдегі буды алу үшін, буды қарқынды түрде жіберу батырмасын (10) басып, ұстап тұрыңыз.
- Үтіктеуден кейін, яғни бумен дымқылдандырып үтіктегеннен кейін, үтіктеу нәтижелерін жақсарту үшін, үтіктеу барысындағы үтіктеудің соңғы қозғалыстарды бусыз орындаңыз.



#### **Назар аударыңыз!**

Құрылғыдан шығатын буды адамдарға бағыттауға тыйым салынады.

**Ескертпе.** Құрылғыны бірінші рет пайдаланып жатсаңыз, 10 пернесін басқаннан кейін, будың генерациясына, яғни құрылғыдан бу шығуы үшін 2 минутқа дейін уақыт қажет болуы мүмкін.

**Ескертпе.** Сорғы үтіктеу барысында үтіктеудің қажеттілігіне қарай автоматты түрде іске қосылады. Буды қарқынды түрде жіберу батырмасы әр басылған сайын, аздап дірілдеген дыбыс естілуі мүмкін. Сорғыштың жұмысы барысында, ол да аздап дірілдеген дыбыс шығарады және бұл қалыпты нәрсе болып табылады. Құрылғының суға арналған резервуарында су азайып, судың мөлшері жеткіліксіз болса сорғыштың дыбысы қаттырақ шығады. Құрылғының суға арналған резервуарында судың деңгейі оның минималды мөлшерінен, яғни ең төменгі белгісі бар жеке сызығынан төмен түсіп азайған кезде, оның суға арналған резервуарын қайтадан сумен толтырыңыз.

**Ескертпе.** Жібек, жүн және синтетикалық материалдардан жасалған бұйымдарды теріс қарата үтіктеу керек, бұл матаның бетінде жылтырдың пайда болуына жол бермейді. Барқыт пен жылтырағы бар маталарды тек бір бағытта үтіктеу қажет. Жібектен тігілген киімдерді ылғал түрінде үтіктеу қажет. Үтіктеу барысында құрғақ жібек матаға суды шашыратпаңыз.

### Тік бу кернейі - тігінен булап үтіктеу функциясы

- Иықағаш киім ілгіште ілулі тұрған киімді булап үтіктеу үшін, тік бу кернейі - тігінен булап үтіктеу функциясын қолдана отырып, үтікті тік ұстанымында ұстап тұрып пайдалануға болады.
- Үтікті тік позицияда ұстап, буды қарқынды түрде шығару батырмасын (10) басып, киімге ұқыпты түрде үтіктің табанын жайлап тигізу арқылы үтіктеуді бастаңыз, үтіктеу барысында үтікті жоғарыдан төменге/төменнен жоғарыға қарай жылжыта үтіктеңіз.



#### **Назар аударыңыз!**

Үтіктен ыстық бу шығады. Киімді өзіңіз немесе біреу киіп тұрғанда оның қыртысын кетіруге әрекет етпеңіз. Үтіктің жанында өзіңіздің немесе басқа біреудің қолы тұрса, буды шығармаңыз.

### «ECO» режимі

Электр қуатты және суды үнемдеу мақсатында, «ECO» режимін пайдалануға болады, сонымен қатар, бұл ретте булап жібітілуінің тиімділігі жоғалмайды және берілген будың мөлшері, яғни будың шығыс қарқындылығы азайып қалады.

Құрылғыны «ECO» режиміне ауыстыру үшін, оның қуат көзін (қоректі) ажыратып қосатын батырмасын (7) басып, құрылғыны іске қосқаннан кейін, негізгі режимнің қосу индикаторы (15) үнемі жанып тұрғанда, ECO режимнің батырмасын басыңыз.

«ECO» режимнің индикаторы (17) жасыл түспен жанған кезде, бұл ECO режимнің іске қосулы екенін көрсетеді. Бұл индикаторының жыпылықтауы тоқталған кезде, ECO режимі іске қосылғанын білдіреді. Бұмен жібітіп үтіктейтін электрлік құрылғының (электрлік бу станциясы ретінде қолданылатын бу генератордың) барлық функциялары ECO режимінде сақталады, берілетін будың мөлшерін қоспағанда - будың мөлшері аздап шығады.

ECO режимін сөндіру үшін және бу генераторының негізгі режимін қайтадан қосу үшін, ECO режимнің батырмасын қайта басыңыз.

ECO режимін өшіру және бу генераторының негізгі режиміне өту үшін ECO түймешігін қайта басыңыз да, құрылғыдағы 15 индикаторы тұрақты түрде жанбағанша күте тұрыңыз. Бұмен жібітіп үтіктейтін электрлік құрылғыны (электрлік бу станциясы ретінде қолданылатын бу генераторды) сөндіру үшін, оның іске қосу/ажырату батырмасын басу қажет.

### Киімді үтіктегеннен кейін

1. Бу генераторды сөндіріп, оның электр желілік баусымның айыртетігін электр желісінен ажыратыңыз.
2. Су резервуарындағы қалған суды шұңғылшаға төгіп тастаңыз.
3. Бу станциясы суығанша күте тұрыңыз және бу генераторындағы қалған суды төгіп тастаңыз («қақтан тазалау») тарауында берілген нұсқауларын қарап шығыңыз.
4. Құрылғының электр желілік баусымын орап жинаңыз.
5. Үтікті оның тұғырығында (базасында) бекіту үшін, үтікті бұғаттауға арналған бекіткіш батырмасын (4) басыңыз да, үтікті құлыптаңыз.
6. Тұғырықта (базасында) бекітілген үтікті, сіз бір қолыңызбен тұтқасынан ұстап, оны оңай тасымалдап жүруіңізге болады.

### Бу генераторды автоматты түрде өшіру функциясы

Бу генераторын автоматты түрде өшіру функциясы келесідей жұмыс істейді:

Бу генераторы белгілі бір температураға дейін қызып тұрған кезде, оны бірнеше минут пайдаланбаңыз, ол 8 минуттан кейін автоматты түрде сөнеді, сол сәтте оның автоматты түрде өшіру индикаторы жыпылықтай бастайды.

Бу генератордың жұмысын қалпына келтіру үшін құрылғыдағының автоматты түрде сөніп қалуын болдырмау (9) «RESET» батырмасын басыңыз.

Құрылғыда орнатылғын режиміне сәйкес жарық индикациясы қайта басталады.

**Ескертпе:** *Үтіктің толық қызғанына дейін күте тұрыңыз, тек содан кейін үтіктеуді бастай беруіңізге болады.*

## 9. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ

### Құрылғыны қақтан тазалау



Құрылғының қызмет ету жарамдылық мерзімін арттыру үшін, оны екі-үш мәрте пайдаланған сайын жүйелі түрде тазалаңыз. Сондай-ақ, тазалаудың қажеттілігін көрсететін индикаторы (13) жыпылықтай бастайды.



#### **Назар аударыңыз!**

*Күйіп қалмас үшін, қақ пен шөгінділерді ағызып жіберу процедурасын орындаудың алдында, құрылғыны сөндіріп, оның электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электр желіден ажыратыңыз да, ол әбден суығанша кем дегенде екі сағат күте тұрыңыз.*

1. Бу генераторды 7 «ІСКЕ ҚОСУ/СӨНД» пернесін басып сөндіріңіз және оның электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электр желіден ажыратыңыз.
2. Бу генератор суыған соң, оны үстелдің шетіне қойыңыз.
3. Құрылғының ағызғыш тығыны 18 орналасқан жерде, яғни оның астында, еденге сыйымды ыдысты (көлемі 350 мл кем емес) орналастырып қойыңыз да, оның ағызғыш тығынын сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
4. Бу генератордан қалған суды қақ пен шөгінділермен бірге ыдысқа ағызып жіберіңіз.
5. Құрылғыдан қалған суды ағызып жіберген соң, оның ағызғыш тығынын 18 сағат тілінің бағытымен, ол толық тірелгенше бұраңыз.
6. Тазалаудың қажеттілігін көрсететін индикациясын 13 сөндіру үшін, жұмыс істеп тұрған бу генератордағы 9 «RESET» батырмасын басыңыз.



### Құрылғының сыртқы бетін тазарту

- Құрылғының сыртқы бетін тазартар алдында, әрдайым құрылғының қуат өткізетін электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін ашалы розеткадан ажыратыңыз.
- Құрылғының сыртқы бетін сәл ғана дымқыл шүберекпен сүртіп шығыңыз.
- Үтіктің табанын тазарту үшін дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.
- Үтіктің табанын тазарту үшін ешқашан да сірке суын, қатты сулықтарды, абразивті заттары бар жуғыш не тазартқыш құрылғыларды немесе басқа да түрлі химиялық заттарды қолданбаңыз.

### Бу станциясын сақтау жөніндегі ережелер

- Құрылғының қуат өткізетін электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін ашалы розеткадан ажыратыңыз, үтіктің табаны суығанша күте тұрыңыз.
- Су резервуарындағы қалған суды шұңғылшаға төгіп тастаңыз.

- Үтікті оның таяныш түпқоймасына орнатып қойыңыз да, оны бекіту үшін, үтікті бұғаттау батырмасына басыңыз да, үтікті құлыптаңыз.
- Электрлі құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

### **Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелер**

Электрлі құрылғылардың тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады. Құрылғыны тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық орама мен қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бұлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірілі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.

### **Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар**

***Ескертпе:** Құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін, бұл электрлік құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.*

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтары белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

### **Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері**

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.



## 10. ЕГЕР СІЗДЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ҚЫЙЫНДЫҚ ТУЫНДАСА

Если возникает какая-либо небольшая проблема, она обычно может быть легко решена, когда найдена причина ее возникновения

Ақауларға қатысты мәселелер	Ақаулардың пайда болуының ықтимал себептері	Ақауларды жою үшін ықтимал шешімдері
Үтік табанының саңылауларынан су ағады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Үтік буды пайдалану үшін жеткілікті түрде қызбады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғыдағы суды жылыту индикаторының жыпылықтауы тоқтатылғанша күте тұрыңыз.</li> </ul>
Құрылғының табанынан ағатын қоңыр түсті су киімді ластайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қақты кетіріп жою үшін химиялық заттары бар құрылғылар мен қақтан тазалауға арналған химиялық өнімдер пайдаланылған.</li> <li>• Мата талшықтары құрал табанының саңылауларына кіріп кетіп, күйіп қалады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғының суға арналған резервуарына тұнбалар мен қақтан тазалауға арналған қандай да бір химиялық өнімдер мен қоспаларды және тазартқыш не жуғыш құралдарының ерітіндісін, суды жұмсартуға арналған химиялық құрылғыларды және өзге сұйықтықтарды құймаңыз.</li> <li>• Құрылғының өздігінен тазарту функциясын іске қосып, өздігінен тазарту үдерісін жүргізіңіз.</li> <li>• Үтіктің табанын металл емес жөкемен тазартып, дымқыл матамен сүртіп шығыңыз. Үтік табанының саңылауларын жүйелі түрде тазартыңыз.</li> </ul>
Үтіктің лас немесе қоңыр түсті табаны киімді былғайды .	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жуу барысында киім жеткілікті түрде жуылып шайылмаған немесе үтіктің табанын тазарту үшін крахмал пайдалынған.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Үтіктің табанын жоғарыда көрсетілген тәсілмен тазартыңыз. Үтіктің табанын тазарту үшін крахмалды пайдаланбаңыз.</li> </ul>
Үтік табанының саңылауларынан бу аз ғана мөлшерде шығады немесе будың мөлшері жеткіліксіз болса, бу мүлдем шықпайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғының суға арналған резервуарында су жоқ.</li> <li>• Үтікте қақ пайда болды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғының суға арналған резервуарын таза сумен толтырыңыз. Құрылғының өздігінен тазарту функциясын іске қосып, құрылғыны тазартыңыз.</li> </ul>
Үтіктің табанында сызаттар бар немесе оның табаны бүлінген.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Үтік көлденең қалпында ұзақтай металл затта тұрды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Үтікті әрдайым оның таяныш түпқоймасында орналастырып қойыңыз.</li> </ul>
Құрылғының суға арналған резервуарында су азайып, судың мөлшері жеткіліксіз екендігін көрсететін жарық индикаторы (14) жанып тұр.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғының суға арналған резервуарында судың мөлшері жеткіліксіз.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғының суға арналған резервуарын MAX белгісі бар меже сызығына дейін таза сумен толтырыңыз. Буды қарқынды түрде жіберу батырмасын басып, оны басулы күйінде, будың жіберілуі басталғанша, яғни құрылғыдан бу шыққанша басып тұрыңыз.</li> <li>• Құрылғыдан бу шығуы үшін 30 секундқа дейін уақыт қажет болуы мүмкін.</li> </ul>



### **Назар аударыңыз!**

Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылуы қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және де, тұрмыстық электрлі құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

## **11. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ**

### **POLARIS PSS 7530K**

Кернеуі: 220 – 240 В.

Жиілігі: ~50 Гц.

Қуаттылығы: 2400Вт.

**Ескертпе:** Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

## **12. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ**

Құрылғы РФ нормативті құжаттарына сәйкестікке сертификатталған.



**Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі:** 3 жыл.

**Кепілдік мерзімі:** 1 жыл сатып алған күннен бастап санағанда.

**Құрылғының өнділіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының сыртында көрсетілген.**

Құрылғының құрылымы «Төмен вольтты құрылғы қауіпсіздігі жөнінде» ТР ТС 004/2011, сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі-магнитті сәйкестігі» ТР ТС 020/2011 талаптарына сәйкес келеді».

### 13. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

**Бұйым:** Электрлік бу генераторы

**Үлгісі:** PSS 7530K

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді.

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 12 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндеуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды болып есептеледі:

7. Кепілдік міндеттеме POLARIS CORPORATION LIMITED компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).
8. Бұйым тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
9. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алындында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.
10. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сондай-ақ бұйымның сыртқы түрінің өзгеруіне, яғни құрылғының бетінде сыртқы өзгерістер болған жағдайда таралмайды, егер де:
  - Бұл кепілдік химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер болған жағдайда, сондай-ақ, бұйымның ішіне сұйықтық төгілген жағдайда, сонымен қатар, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сонымен бірге, бұл ақау микроорганизмдердің, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа секілді жәндіктер мен зиянкестер топтарының іс-әрекет, тіршілігінің салдары нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
  - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша керек-жарақтарын пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
  - Пайдаланатын судың құрамында минералдық заттардың үлесі жоғары мөлшерде болған әсерінен минералдық түзілімдер, бұл қақ, сутасы және түзілген тұнбаның әкті түзілімдер орын алған жағдайда;
  - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сон-

дай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;

- Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
  - Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын\*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
11. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақауы табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.
  12. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

### **Құрылғының ақаулы екендігі анықталса, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет\***

*\*Авторландырылған (өкілетті) сервистік орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)*

Жеткізуші құрылғыны тасымалдау барысында, дұрыс емес пайдалану салдарынан, сондай-ақ, модификациялау (жаңадан жасау; қайта жасау; қайта құрастыру; түрлендіру, өзгерту) құрылғының түрін өзгертіп, түрлендіру әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін жауапты емес.

